



# Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**

идеядан бизнеске  
Copyright © 2005

## Сұрақтар және жауаптар

### 1) Төлемақының бұл түрі қандай жағдайда алынады?

Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін.

Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдалану құқығы көліктік бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган беретін рұқсат құжатымен әрбір күнтізбелік жылға беріледі.

Тиісті рұқсат құжаты болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын нақты пайдалану төлемақы сомасын өндіріп алу және бюджетке енгізу үшін негіз болып табылады.

### 2) Төлемақы төлеуші кім?

- Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.
- Мемлекеттік мекемелер төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

### 3) Төлемақы ставкалары қандай?

Төлемақы ставкаларын Қазақстан Республикасының Ұкіметі белгілейді. Қазақстан Республикасы Ұкіметінің 2001 жыл 7 желтоқсандағы N 1596 Қаулысы.

### 4) Төлемақы есептеу мен төлеу, төленген сомаларды қайтару тәртібі қандай?

Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланушылардан алынатын төлемақы мөлшері рұқсат беру құжатында белгіленген, бірақ бір күнтізбелік ай үшін төлемақы мөлшерінен кем емес төлемақы ставкалары мен кеме жүзетін су жолдарын пайдаланудың нақты мерзімі негізге алына отырып анықталады.

Ай сайынғы төлемақы мөлшері көліктік бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ағымдағы жылға белгілейтін навигация кезеңіне жыл бойынша есептелген төлемақы сомасын бөлу жолымен анықталады.

Ағымдағы ай ішінде бюджетке енгізуге жататын төлемақы сомасы келесі айдың 20-сынан кешіктірілмей төленеді.

Төлемақы төлеушілер рұқсат құжатын алу кезінде көліктік бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланудың бірінші айы үшін бюджетке төлемақы сомасы енгізілгенін растайтын құжатты табыс етеді.

Кемнің бір жолғы кіруі кезінде шетелдік жеке және заңды тұлғалар үшін бюджетке төлемақы рұқсат құжатын алғанға дейін айлық ставка мөлшерінде енгізіледі. Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарында шетелдік тұлғалар бір айдан астам болған кезде бюджетке төлемақы осы бапта белгіленген тәртіппен енгізіледі.

Төлемақы сомалары бюджетке кеме жүзетін су жолдарын пайдалану орны бойынша енгізілуге тиіс. Төленген сомалар қайтарылуға тиіс емес.



## Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай. Бөлім № 16

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



## СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

*Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!*

---

### Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
  - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
  - Салық есебін құру және тапсыру
  - Қаржыны жоспарлау
- 

*Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.*

*Байланыс адресі:*

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева  
«СодБи» Бизнес-инкубаторы  
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент  
Тел. +7 (3252) 570378, 512003  
e-mail: [l\\_ismatullayeva@sodbi.kz](mailto:l_ismatullayeva@sodbi.kz)  
Веб-сайт: [www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)*



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**  
идеядан бизнеске  
Copyright © 2005